



**Тәуекел хан  
(1582-1898 ж.ж)**

## Тәуекел ханға дейін Қазақ хандығының жағдайы




1580-1582 жылдары хан тағына Жәнібек ханның немере інісі 80 жастағы Шығай отырды. Ол Баба сұлтанның Хақназар мен Жалым сұлтанды өлтіргеніне өшігіп, қарсы шықты. Баласы Тәуекел сұлтан екеуі Абдаллах ханмен бірігіп, 1582 жылы Баба сұлтанға қарсы бірлескен жорық жасалды. Баба сұлтан жеңіліп, Дешті Қыпшақ даласына қашты. Абдаллах хан Сайрам, Сауран, Түркістан бекіністерін қоршаған даңқты жорығында қажырлы қайрат көрсеткен Шығай хан мен Тәуекел сұлтанға сыйға Ходжентті береді.

Осы жорықта Шығай хан қайтыс болды. 1582 жылы маусым айында Тәуекелдің сарбаздары Түркістан түбінде Баба сұлтанды өлтіріп, әскерін талқандады. Тәуекел сұлтанға риза болған Абдаллах хан Самарқан өлкесіндегі Африкент уәлаятын сыйға тартты (Сыр бойыдағы қалалар Абдаллах ханның иелігінде қалды).

Тәуекел хан билік құрған кезден бастап оңтүстік өңірлердің есебінен Қазақ хандығының іргесін кеңейтуді ойластырды. Тәуекелдің билікті алған кездегі хандықтың сыртқы жағдайы өте ауыр еді.


Біріншіден, Абдаллах  
Қазақ хандығына қарсы  
шықты.



Екіншіден, шығыс жақтан  
моғолдар мен жоңғарлар ұдайы  
қауіп төндірді. Алайда Тәуекел  
хандық билікті нығайтып,  
қазақ жерін кеңейтіп,  
хандықтың беделін  
халықаралық деңгейге көтере  
білді.

## ТӘУЕКЕЛ ХАН ТҰСЫНДА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЫҒАЯ ТҮСУІ (1582 – 1598)

- Тәуекел хан көп жасағымен 1598 жылдың жазында Мәуереннахрға басып кірді.
- 1598 жылы Тәуекел ханның өзбек сұлтандарының қолдауымен басып алған қалалары: Ташкент, Самарқан (Ақаш, Мүнші, Искандер).
- Есім сұлтанды 20 мың әскермен Самарқанда қалдырды.
- Тәуекел ханның қалың қолы Бұхара қаласын 20 күн қоршауда ұстады.
- Бұхара түбінде ауыр жарақаттанып, Тәуекел хан қайтыс болды.
- 1598 жылғы шайқаста Қазақ хандығы мен Өзбек хандығы билеушілері қаза болып, екі хандық хансыз қалды.
- Қазақ хандарының ұзаққа созылған соғыстары Сыр бойындағы қалаларды және ірі қала – Ташкентті Қазақ хандығының құрамына қосумен аяқталды.



- ❖ 1598 жылы шайбани әулетінің орнына Аштархани әулеті келді.
- ❖ 1598 жылы Сібір хандығы жойылып, Сібір хандығының қол астына қараған қазақ тайпалары Қазақ хандығының құрамына келіп қосылды.
- ❖ XVI ғасырдың аяғында Бұхар хандығымен ұзақ жылдар бойы жүргізген күрестің нәтижесінде Қазақ хандығы қуатты мемлекетке айналды.
- ❖ Шайбани әулеті мен Қазақ хандығы арасындағы ұзаққа созылған соғыстар өлкенің шаруашылық жағдайына, қала өмірінің жай –күйіне ауыр зардабын тигізді.
- ❖ Тәуекел хан Орта Азиядағы ұзақ жылдарға созылған тартыстан кейін Мәскеумен қарым-қатынас орнатуды қолға алады.
- ❖ Тәуекел хан елшілігі 1594 жылы Мәскеуге барды.
- ❖ Қазақ елшілігіне жауап ретінде 1595 жылы Мәскеуден Вельямин Степанов жіберілді.
- ❖ Қазақ-орыс қатынастарының дамуы керуен саудасының кеңеюіне жағдай жасады.



**ЕСИМ ХАН**  
**(1598-1628 ЖЖ)**

## ЕСІМ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ



Тәуекелдің інісі Есім қазақтың көп санды әскерін басқарған, Ташкент, Түркістан аймағын билеген көрнекті сұлтан болды. Сондықтан қазақ әскері мен сұлтандардың көпшілігі Есімнің хан болуын қалаған. Есім ханның басты мақсаты Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекетке айналдыру. Бұхар ханымен бітім шартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығының әскери күш-қуатын арттыруға айрықша көңіл бөліп сұлтандарға еркіндік билік берді. Тұрсын ханның сенімді тірегі Қатаған руы болды. Есім тұсында Ташкент қаласы Қазақ хандығының құрамына енген.



XVII ғасырдың басында Қазақ хандығын екі хан билеп, елде саяси бытыраңқылық орын алды. Тұрсын Мұхаммед сұлтан (Жалым сұлтанның ұлы) Ташкент қаласында 1613-1614 жылдар шамасында өзін хан етіп жариялады. Есім ханның астанасы – Түркістан болды. Жаркентте – Абақ дара билік жүргізді, Өндіжанда – Абылай сұлтан, Тұрфанда – Әбд-ар Рахым. Есім хан бұл оқиғаға айрықша сабырлық, төзімділік көрсеткен. Есім хан қазақ арасындағы қан төгіске жол бермеу үшін Тұрсын ханды тең дәрежелі әмірші ретінде мойындады. Тұрсын хан тәуелсіздіктің белгісі ретінде ақша шығарды.



# ЕСІМ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ЗАҢДАР

Есім ханның тұсында жасалған далалық заңдар: (XVI ғ.аяғы- XVIII ғ. басы.)- «Есім ханның ескі жолы» деген сөз Есім ханның тұсында жасалған далалық заңдарға байланысты айтылған. Жаугершілік заманда елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған заңдары Есім ханның шын мәнінде мемлекет тұрғысындағы ірі қайраткер екенін көрсетті. XVIII ғасырда өмір сүрген әйгілі Бұқар жырау Абылай ханға «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, кешегі Еңсегей бойлы Ер Есімді де білемін»-деп айтқан.



# ЕСІМ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

- Бұхар ханы қазақ хандығының бытыраңқылығын пайдаланып, бітім шартты бұзып, қазақ жеріне жорықтар ұйымдастырды (қазақ-бұхар соғысы 1603-1624 жылдар, 20 жылдан аса созылған).
- Бұхар ханының Қазақ хандығының ішкі жағдайын пайдаланып Ташкент, Сайрам, Андижант қалаларын қайтарып алуды көздеген және қазақтарды Сырдарияның арғы бетіне асырып тастауды мақсат етті.
- Бірінші қазақ-бұхар шайқасы 1603 жылы Самарқан маңындағы Айғыржар жерінде болды.
- Бұхар әскері жеңіледі.



- 1611 жылы Ташкент түбіндегі ұрыста Имамқұли хан басқарған бұхар әскерін Есім хан жеңеді. Бұхар ханы келісімге келуге мәжбүр болды.
- Тұрсын 1620-1621 жылдары болған 4-ші, 5-ші, 6-шы қазақ-бұхар соғысында Қазақ хандығының әскерін басқарған.
- 1627 жылы қазақ-бұхар шайқасында ұтымды соғыс тәсілі Есім ханды жеңіске жеткізді
- Қазақ-бұхар соғысында Есім хан қолданған ұтымды соғыс тәсілі қорғанышты шайқас.
- Жиырма жылдан астам уақытқа созылған қазақ-бұхар соғысының нәтижесінде Бұхар ханы Имамкул жеңілісті мойындады.



- Алайда Есім мен Тұрсын арасында қайшылықтар шиеленісе түсті.
- XVII ғасырдың алғашқы кезінде Қазақ хандығы мен Моғол хандығы арасында одақтық қарым-қатынастар орнады.
- Қазақ сұлтаны Ескендір XVI ғасырда Моғолстанның ішкі-сыртқы істерінде үлкен ықпалды болған. Бұл қатынастар екі хандықтың қарама-қарсы топтары арасында құрылды. Бұл жағдай қазақ хандары арасындағы қайшылықтарды тереңдете түсті.
- 1627 жылы Есім хан қалмақтарға қарсы жорыққа аттанады.
- Осыны пайдаланған Тұрсын хан Түркістанды шауып кетеді.
- Есім хан бейбіт елді ойрандауға белсене қатысқан қатаған руын түгелдей өлім жазасына кесіп Тұрсын ханды жазалады.
- Тұрсын ханның бұл бүлігі тарихта «Қатаған қырғыны» атанды.



**Тәуке хан  
(1680-1718)**

## ТӘУКЕ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ




Жәңгірдің баласы Тәуке хан 1680-1715 жылдары ел басқарып, көреген саясаткер, құдіреті күшті хан болды. Ол ішкі феодалдық тартыс пен бытыраңқылықты жоюға тырысты. Бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын құруға күш салды. Тәуке хандық билікті күшейту мақсатын көздеп, билерге арқа сүйеуге, сұлтандардың билігін шектеуге тырысты. «Хандық кеңесте» билер негізгі рөл атқара бастады. Билер хандықтың ішкі өмірі мен сыртқы саяси істердің аса маңызды мәселелерін шешіп отырды. Тәуке хан билігінің бір бөлігін билерге беру арқылы ықпалды билерді мемлекеттік істерді шешуге, елді басқаруға тартты. Тәуке хан тұсында билердің атқарған рөлі: атқарушы билік, сот билігі. Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қатысуымен «Билер кеңесінің» құрылтайын сәтті ұйымдастырып отырды.



Тәуке ханның басты мақсаты – ыдырай бастаған хандықтағы саяси жағдайды реттеуге күш салу. Құқықтық тәртіп пен мемлекеттік құрылымның негізгі белгілерін айқындайтын «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасауға қатысқан билер: Төле би (Үйсін, Ұлы жүз), Қазыбек би (Арғын, Орта Жүз), Әйтеке би (Кіші Жүз, Алшын).






Төле Әлібекұлы (1663-1756) Жамбыл облысы, Шу ауданы, Жайсаң жайлауында дүниеге келген. Төле би өз өмірін елінің бірлікте, ынтымақта болуына арнаған.



Қазыбек Келдібекұлы (1667-1764) Сырдария жағасындағы бір ауылда дүниеге келіп, жастық шағын Қаратау, Ұлытау атырабында өткізген. Қазыбек би Тайкелтір бимен бірге қалмақ ханына барып, алмастай өткір сөзімен оны жеңіп, малын да, жанын да түгел алып қайтқан.



Әйтеке Бәйдібекұлы (1682-1766) атақты Жалаңтөс батырдың ұрпағы. Шын есімі – Айтық. Кіші жүзден шыққан қазақтың атақты шешен биі.

### «Жеті жарғыда» қарастырылған мәселелер:

1. *Жер дауы.*
2. *Үй-іші мен бала тәрбиелеу.*
3. *Ұрлық-қарлық, барымта.*
4. *Бір халық пен басқа ру арасындағы дау.*
5. *Ұлтын жаудан қорғау.*
6. *Құн дауы.*
7. *Жесір дауы.*

- «Жеті жарғы» рулар мен тайпалар арасындағы алауыздықтарды, үш жүз арасындағы қайшылықтарды бәсеңдетті.
- Ел бірлігін сақтауға, хандық биліктің заң негізінде күшеюіне үлес қосты.
- «Жеті жарғы» бойынша хан:
  - ❖ *хандықтың басшысы*
  - ❖ *бас қолбасшы*
  - ❖ *барлық рулардың басшысы және заң шығару құқы мен барлық қазақ қоғамындағы мүшелеріне бұйрық беруге міндетті болды.*
- «Жеті жарғы» бойынша қазақ елінің ру-тайпа басшыларына жүктелген міндет жылына бір рет құрылтайға қатысу.
- Қарусыз келгендер «Жеті жарғы» бойынша құрылтай кеңесіне жіберілмей, дауыс беру құқығынан айырылған.
- 13 жылға толмағандар мен екіқабат әйелдер кісі өлтіргені үшін «Жеті жарғы» бойынша қылмыстық жауапқа тартылмады.



## ТӘУКЕ ХАН ТҮСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

1710 жылы жоңғар шабуылын тойтару мәселесін талқылау үшін Қаракұм маңында қазақ жүздерінің өкілдері бас қосты. Хандық жасақтары құрылды. Бас қолбасшы болып Бөгенбай батыр сайланды. Қазақ жасақтары жоңғарларды талқандап, шығысқа қарай ығыстырды. Қазақ хандығындағы ірі шонжарлар арасындағы алауыздық пен енжарлық жаудан қорғану үшін халықты жұмылдыруға кедергі келтіріп отырды. 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін жағдай қайтадан ауырлап кетті.

Назарларыңызға  
рахмет!

